# Жоғарғы оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлықпен күресу

**Сыбайлас жемқорлық** (лат. *corruptio* - сатып алу) - мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері

# ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиенің міндеттері:

**-студенттерге сыбайлас жемқорлық туралы жалпы түсінік беру;**
**-моральдік және құқықтық нормалардың айырмашылығын ажыратып түсіндіру;**
**-сыбайлас жемқорлықтың себеп-салдарын анықтау және оның алдын алу;**
**-сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мінез-құлықты өзгерту;**
**-жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру;**

**Субъектісі** (профессорлар,оқытушы-лар,ЖОО-дағы жетекшілік)

**Құқықтық шындық**

**Объектісі** (білім алушылар)

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы алынған білім адамның ішкі уәжі мен заң бойынша жүруді қалыптастырып, содан соң ішкі талап пен құқықтық заңды сақтайтын әдетке айналуы тиіс.**

| ЖОО-дағы лауазымды тұлғалардың қатысуымен | Құқық қорғау органдарының қатысуымен |
|---|---|
| ҚР Конституциясын оқып білу,сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заңнамалар | Құқық қорғау қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жүргізуі |
| Кәсіби заңгерлік білім алу | Құқық қорғау қызметкерлерінің тақырыптық семинарлары |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу(жергілікті БАҚ,плакат,ғаламтор жүйесіндегі хабарландырулар) | БАҚ өкілдері арқылы жемқорлыққа қарсы тақырыптық бағдарламаларды ұсыну |
| Жемқорлыққа қарсы күрес жайлы студенттердің ақпараттандырылуы | Құқық қорғау органдарының заңнамалық тәжірибенің өткізілуі |
| Оқу топтарындағы құқықтық-тәрбиелік жұмыстар(дөңгелек үстелдер,тәрбие сағаттары) | Қоғамдық және жастар бірлестіктеріндегі құқықтық тәрбиеге байланысты жұмыстар |

**-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беруде тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында, әдістердің төрт тобы пайдаланылады: а) соттау; б) жәрдемдесу; в) ұсыныс; г) мәжбүрлеу. Осы әдістердің бәрін жоғары білім беру жүйесінде өте сәтті пайдалануға болады. Бұл әдістердің мәні рухани әлемде жеке қалауларын, мүдделерін, бейімділігін табуда болып келеді және сыбайлас жемқорлықтың келеңсіз көріністерін жоюға ұйымдастырады.**

**Өзін-өзі тәрбиелеу тәжірбиелері жеке-жеке іске асырылады және түрлі әдіс-тәсілдерді қамтиды. Олардың қатарына :а) өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру үшін өзін жеке тұлға деп қабылдау; б) өзіндік ішкі уәж, белгілі бір іс-әрекетті орындауға бағытталған, ерік күшінің маңызды функциясы; алдын-ала ескерілген ішкі толғаныстарға негізделсе ғана ішкі уәж құндылығы артады; в) өзін-өзі қолға алу – сын сағатында кері іс-әрекеттерге жол бермейтін ерік күшінің болуы, қиын жағдайда тығырықтан шыға білуі; г) өзін-өзі тәрбиелеу – тәртіптің жоғарғы формасы,этика және тәртіп шеңберіндегі есті әрекеттерді жасай білуі.**

**Зерттеулер көрсеткендей, өзіңе деген талаптың жоғарылығы, өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі,дәйекті ойлардың дүниетанымын кеңейту және тереңдету, ғылыми және құқықтық ақпаратқа қол жетімділігі,олардың рухани байлығы –университет студенттерінің моральдық және заңды тұлғалық дамуының көрсеткіші.**

**Халық арасындағы құқықтық мәдениетті жоғарлатудың басты шарты-құқықтық ақпаратпен қамтамасыз етілуі,кодекстердің қажетті тиражда басылуы,анықтамалық және құқықтық әдебиеттерінің кең таралуы.**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу «Сыбайлас жемқорлыққа»деген азаматтар бойында қарсы позициялық құндылықты қалыптастыру.Мысалға,ҚР түрлі құрылған қоғамдық ұйымдар осы мақсатта жұмыс жасауда.**

**Алайда,қазіргі таңдағы дағдарыстың белең алуына қарай, сыбайлас жемқорлық көбейіп кетуі мүмкін деген болжамдардың астарында тек күрделі әлеуметтік- экономикалық жағдаяттар ғана емес,сонымен қатар жас ұрпақтың құқықтық білімінің төменгі дәрежеде болуы.**

.

## ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы ұсынысымыз:

- Жемқорлыққа қарсы күресті мектеп жасындағы балалардан бастау қажет;
- Білім беру жүйесін өзгертуіміз қажет;
- Ұйымдасқан түрде қылмысты әшкерелеу;
- Студенттер арасындағы қарапайым қоғамдық ұйымдар құру.

# Видеоролик